

"Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 357 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 12 наурыздағы № 110 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 наурызда № 22364 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң

ескертпесі !

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 357 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11093 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидаларында:

86, 87 және 88-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдарымен (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе занды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметінің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидаларға "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы қуәлікті беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 2-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жібереді.

Құжаттар портал арқылы жіберілген жағдайда, олар көрсетілетін қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦК) куәландырады.

Процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

87. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды түсken күnі тіrkeuden өtкіzеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті қарау туралы дәлелді бас тартуды (бұдан әрі - Дәлелді бас тарту) жібереді.

88. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 18 ақпанды № 134 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10788 болып тіркелген) бекітілген кемелер еkipаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарға сәйкес келуін тексереді және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 1084 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13499 болып тіркелген) бекітілген куәлікті немесе мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды ресімдейді.";

90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"90. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25 -бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түсken көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түсken көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы бүйрыққа 2-қосымшада сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Индустрія және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

2021 жылғы 12 наурыздағы

№ 110 бүйрығына

1-қосымша

Ішкі су жолдарымен

кеме қатынасын жүзеге

асыратын кемелер үшін

кеме құжаттарын беру

және жүргізу

қағидаларына

2-қосымша

"Кеме екипаждың ең аз құрамы туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары көрсетеді.

2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Отініштерді қабылдау және нәтижелер беру "электрондық үкіметінің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсетудің нысаны	Электронды (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Кеме екипажының ең аз құрамы туралы куәлік не бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызметті көрсету ақысыз негізде жеке және занды тұлғаларға көрсетіледі.
7	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) портал – тәулік бойы, жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушының жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес отініштерді қабылдау мен мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету орындарының мекенжайлары :</p> <p>1) Министрліктің интернет-ресурсында: <a href="http://www.miid.gov.kz">www.miid.gov.kz</a> ("Көлік комитеті" деген бөлімнің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде);</p> <p>2) <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> порталда.</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>П о р т а л ғ а :</p> <p>осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша отініш; Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқаруышының 2015 жылғы 18 ақпандагы № 134 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10788 болып тіркелген) бекітілген ішкі су қолігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен кемелер екипаждарының ең аз құрамына қойылатын талаптарға сәйкес екипаждың бекітілген штат кестесінің электрондық көшірмесі. Құжаттар портал арқылы жіберілген жағдайда, олар көрсетілетін қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦК) күәландырады.</p>
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілген қызметті алушының ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқаруышының 2015 жылғы 18 ақпандагы № 134 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу</p>

	тізілімінде № 10788 болып тіркелген) бекітілген кеме экипажының ең аз құрамының белгіленген талаптарына сәйкес келмеуі.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар  Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦК болған кезде портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алады. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

Қазақстан Республикасының

Индустрія және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

2021 жылғы 12 наурыздағы

№ 110 бұйрығына

2-қосымша

Ішкі су жолдарымен

кеме қатынасын жүзеге

асыратын кемелер үшін

кеме құжаттарын беру

және жүргізу

қағидаларына

3-қосымша

Республиканское государственное  
учреждение "Испекция  
транспортного контроля по \_\_\_\_\_  
области (городу) Комитета  
транспорта Министерства индустрии  
и инфраструктурного развития  
Республики Казахстан"



"Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің \_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі

(Күні, өтініш нөмірі)

## Дәлелді бас тарту

"Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі  
Көлік комитетінің

(облыс (қала)

көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі келесі негіздер

бойынша "Кеме экипаждың ең аз құрамы туралы күәлік беру" мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тартады:

("Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі  
Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабына сәйкес бас тарту үшін негіздеме)  
Қазақстан Республикасы Индустрія  
және инфрақұрылымдық даму  
министрлігі Қолік комитеті  
аумақтық органы  
басшысының ЭЦҚ \_\_\_\_\_  
(аты-жөні, тегі/бар болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК